**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы Танирбергенова Акмарал Айдаркуловнаның диссертациялық жұмысына**

# ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

А.А.Танирбергенованың (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы диабеттің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжауға арналған. ҚД әлеуметтік маңыздылығы, оның ерте мүгедектік пен аурудың созылмалы асқынулары өлімге әкелетіндігі. 2011 жылы жұқпалы емес аурулардың алдын-алу және оған қарсы күрес жөніндегі Саяси декларацияның басымдық берген жұқпалы емес төрт аурудың бірі болды. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады.

Докторант ғылыми жұмысты жазу барысында зерттеу бағдарламасын құру, көлемін таңдау, оның барлық кезеңдерінде зерттеу жүргізуді ұйымдастыру және статистикалық бағдарламаны таңдау, деректерді өңдеу мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру, диссертацияны жазу, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларды тұжырымдау, қорытындылар мен ұсыныстарды жеке орындады.

Алынған зерттеу нәтижелері негізінде докторант диабеттің медициналық-әлеуметтік, экономикалық салдарын болжау моделін құрастырды және оны тәжірибеге енгізуге ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстар ҚД ауыратын науқастарды емдеу кезінде ескерілуі керек және салдарын азайту үшін қажетті шаралар қабылданылуы қажет.

Докторанттың ғылыми жұмысы шеңберінде ұсынылған нәтижелерінің ғылыми жаңалығы бар және қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласында ғылыми бағыттың дамуына үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, докторант А.А.Танирбергенова диссертациялық зерттеудің барлық міндеттерін орындағанын, қажетті практикалық дағдыларды игергенін атап өткім келеді. Ғылыми жұмыс философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал диссертант 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,
«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің
«Денсаулық сақтау саласының менеджменті» кафедрасының меңгерушісі,
м.ғ.д., профессор — Камалиев М.А.

КАДР

Подпись заверяю
специалист ОК